



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қазақ халқының өткен рухани байлығын жинау, жариялау, зерттеу істеріне тек әдебиетшілер ғана емес, басқа мамандық иелері де айтарлықтай үлес қосты. Солардың бірі — Санкт-Петербург әскери-медициналық академиясын алтын алқамен бітірген дәрігер, кейіннен алашорда қозғалысы серкелерінің бірі болған Халел Досмұхамедов. Ол медицина, жаратылыстану және «Жануарлар», «Оқушылардың саулығын сақтау», «Адамның тән тірлігі», «Қазақ тұрғындарына обадан қалай сақтануға болады?», «Жаратылыстану бойынша алғашқы білімдер» (9 кітап) сияқты еңбектердің авторы болумен бірге қазақтың тілі мен әдебиеті саласында да құнды еңбектер қалдырды. Оның қазақ тілі жайлы білдірген пікірлері, әсіресе, «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» (Ташкент, 1924 жыл) атты еңбегі күні-бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Қорыта келе айтарымыз, ауыз әдебиетін жинау Н.Төреқұловтың, М.Әуезовтің, А.Сегізбаевтың т.б. мақалаларында жиі көтерілді. Бұл авторлардың мақалаларында ауыз әдебиетіміз бай, өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, қысқасынан айтқанда, қазақтың даласы секілді кең, келешегі көрікті үлкен, жалпы түрік әдебиетінің ішінде өріс алатын әдебиет екені айтылды. Ауыз әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ, кездесе бермейтін нәрселер табылып отырғаны, ауызша әдебиет бір заманда, тәртіпті жазба әдебиетінің қызмет атқарғандығы, сөз өрісін кеңейтіп әкеткені айтылды. Қазақ халқының ауыз әдебиеті аса бай екенін, онда өткендегі халық өмірінің шынайы көрініс тапқанын, сол себептен де оның бүгінгі күнге керектігі жиырмасыншы жылдары басылым беттеріне шыққан әдеби сын мақалаларда кеңінен көрсетілген.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кәкішев Т. Сын ызғары. 20-жылдардағы әдеби сын қақынды. // Жұлдыз. №8. 1992.
2. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. // Шолпан. №2. 1922.
3. Кәкішев Т. Оңаша отау. – Алматы: Жазушы, 1982.
4. Сегізбаев А. Қазақ әдебиеті. // Қызыл Қазақстан. №12. 1922.
5. Бәйділдін Ә. Қазақ ұлтшылдығы. // Советская степь. 21.VI.1928.
6. Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.

«ШАЛҚАР» РАДИОСЫНДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ХАБАРЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сванқұлова Ләззат Тиышбекқызы

Its.06@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Р.Ш.Нуридин

«Шалқар» ұлттық арнасы 1966 жылдың 1-қаңтарында ақпаратты-сазды «Шалқар» бағдарламасы ретінде әуе толқынынан шыға бастады. 1998 жылы жұмысын уақытша тоқтатқанымен, 2002 жылы қайта ашылып, алғашында тек Алматы қаласының көлемінде ғана хабар таратып, кейіннен эфир уақыты ұлғайып, республика аумағына тарады. «Шалқар» ұлттық арнасы - республикадағы тек қана қазақ тілінде хабар тарататын жалғыз радиоарна. Радио өнімдері қазіргі кезде республика аумағының 62,04 пайызына тарайды. «Шалқар» ұлттық арнасының ғаламтордағы жеке сайты әлемнің әр түкпіріндегі қазақтардың тыңдауына мүмкіндігі бар. «Шалқар» радиосының ресми сайты 2011 жылғы 18 шілдесінен ақпарат таратады»[1,49-б].

«Шалқар» ұлттық арнасының басты мақсаты - қазақ халқының ұлттық, рухани құндылықтарын насихаттау болып табылады. Алғаш ашылғанда «Өнерім-өмірім», «Атадан қалған асыл сөз», «Жеті ғасыр жырлайды», «Алтын тамыр» сынды бағдарламалар арқылы тыңдарман жүрегіне жол тапқан радиода әр жылдары белгілі журналистер М.Жанткин,

Е.Әбдіғапаров, Т.Рсаев, У.Қыдырханов, Е.Қашқынов, Ғ.Есенсариев, А.Еңсебайұлы, Т.Момбекұлы, Ғ.Игісін, Д.Исабеков, талантты дикторлар С.Жақанова, О.Қалмырзаев, Ұ.Бармашқызы жұмыс істеді.

Қазақ өнерінің сүбелі ұлттық музыкасын, ғасырлар қойнауынан жеткен ұлттық жәдігерлерімізді кеңінен насихаттауды мақсат еткен бұл арна «Күй-шежіре», «Шалқар» шаңырағында, «Сал домбыра», «Інжу-маржан», «Наридірген», «Терме» сынды хабарларын ұсынып келеді. Алыстан атамекенін аңсап жеткен отандастарымыздың тыныс-тіршілігінен сыр шертетін «Туыстар-ай» хабары бүгінде тыңдармандардың зор ықыласына ие болған радиотуындыда шетелдегі қазақтардың музыка өнері туралы да әңгіме болып отырады.

«Замана бұлбұлдары» айдарымен Жүсіпбек Елебеков, Жәнібек Кәрменов, «Бізге қымбат дауыстар» айдарынан Жамал Омарова, Роза Бағланова сынды саңлақтардың концерттері жиі-жиі беріліп отырады. Өнер дүлдүлдерінің ұнтаспаға жазылып алынған шығармаларын тұрақты түрде беру дәстүрге айналған. Сондықтан да «Шалқар» ұлттық арнасы арқылы таралатын музыкалық хабарлардың маңызы зор, көтеретін жүгі де ауыр.

Соңғы бір-екі ғасырдағы адамзаттың ғылыми-ақпараттың үдерісі адамзат өмірінде бұрын-соңды болмаған әлемдік жақындасуды, яғни «жаһандану» қозғалысын дүниеге алып келді. Жаһандану ұғымына қоғамда әртүрлі анықтама беріп жатады. Әсіресе әр сала мамандары бұған өз мамандықтары тұрғысынан пікірлер айтқан. Қалай болғанда да жаһандануды қысқаша әлемдік мәдениеттердің өзара пікір алмасуы, әртүрлі қоғамның мәдени-ақпараттық жақындасуы деп тіпті мәдениеті мен экономикасы дамыған мемлекеттердің ғылыми-рухани үстемдігі деп түсіндірсе болады. Аталмыш қозғалыстың адамзат қоғамына пайдасы орасан, дегенмен кемшілігі мен зияны да жоқ емес. Пайдасы сол, қазір адамдар ара қашықтықтың алшақтығына қарамастан лезде ақпарат алмасады. Мәселен бір құрлықта болып жатқан оқиғадан өзге бір құрлық тұрғындары көзді ашып-жұмғанша хабардар болып отырады. Бұл жетістік өз кезегінде адамдардың мәдени-экономикалық өміріне оң өзгерістер алып келуде. Ал зиянына келетін болсақ, жоғарыда айтқандай жаһандану дамыған мемлекеттің қоғамның рухани һәм экономикалық өмірінде өзіндік бір үстемдікке қол жеткізуі. Мұндай жағдайда руханияты төмен, экономикасы мәз емес немесе халық саны аз елдер сол алпауыттардың аузына жұтылып кетуі айтпаса да түсінікті жәйт. Біздің пікірімізше жаһанданудың осы бір тұсы мәдениет пен руханиятқа айтарлықтай зиянын тигізеді. Осы тұрғыдан алғанда жаһандану ортақ бір игіліктерге немесе ортақ бір рухани құндылықтарда адамдардың бірігуі емес керісінше әлемде қай мемлекеттер ғылыми-экономикалық дамыған болса сол елдердің қоғамның барлық саласындағы үстемдігі. Мәселен қазіргі қоғамда көп жағдайда адамдар арасында ортақ бір киім үлгісі, ортақ тұтынатын заттардың бірдей болуы, тіпті ішер астың да белгілі бір түрлері ортақ дәстүрге айналған. Бұл үрдіс көбіне үстем елдердің тарапынан қабылданып жатса қалған елдер оны қалыптылыққа балап емін-еркін сіңіріп жатады.

Алапат өзгеріс әлемдік музыка өнеріне де өз ықпалын тигізіп келеді. Айталық қазір әлемде қай мемлекет үстемдік құрып тұрса музыка әлемінде де сол елдің музыкасы көш ілгері тұрады. Бұл жағдайдың басталғанына да бірнеше ғасыр өтті. XIX-XX ғасырлардан бері әлемдік музыка өнерінде Батыс елдерінің ықпалы басым екені байқалады. Солардың туындылары «әлемдік шеберліктің шыңы» танылып келгені жасырын емес. Өзге елдердің музыкасы яки шығармалары мен музыка аспаптары «ескінің көзі» немесе «классикалық туындылармен салыстыруға келмейді» деген желеумен кейін ысырылды. Тіпті «фольклорлы аспап», «ұлттық музыка» деген аттар да осындай кемсітушілік мақсатта шығарылған десе де болады. Ал «кемшілігі» бар аспаптардың Батыс классикалық туындыларын ойнауға шамасы жетпесе де өз елінің ұлттық бояуын, жанын ұқтырып тұратыны бірде ескерілсе кейде назардан тыс қалып отырды. Қай аспап Батыстың шығармасын ойнауға шамасы келсе сол аспап мақталып өзіндік табиғатын бұзып тұрса да сахнаға жиі шығарылып отырды. Бұл жағдайға өз кезегінде «құлдық сананың әсері» десе де болады.

Бірақ соңғы ғасырдағы қоғамдағы мәдени-ғылыми жақындық адамзатқа ортақ өлшемдер туғызды. Өнерде қандай да бір жаңалық болатын болса ол дереу әлемдегі ең

мықты сарапшылардың тарапынан сыналып отырады. Бұл өз кезегінде қай салада болмасын дамуға, көркемдікке әкеледі. Жоғарыда жаһанданудың музыка саласына тигізген келеңсіздіктерін атап айттық. Бірақ сол жаһандану бола тұрса да соған төтеп беріп әлемдік өзгерістердің жағымды тұстарын сіңіре отырып өзіндік нақышты жоғалтпай да өнерді дамытуға болады.

Шығыс халқы мен батыс халқының ойлау жүйесінде айтарлықтай айырмашылық бары аян. Шығыс халқы көбіне музыка саласында аспапты дамыту немесе шығарманы күрделендіруден гөрі сол дүниелерді сол қалпында еш бұзбай өзгеріссіз қалдыруға бейім. Сондықтан біз қазір Шығыс халқының ертедегі шығармаларының, аспаптарының қандай болғанын қатты ерекшеліксіз тани аламыз. Ал Батыс елдерінде көбінде бір орында тұрмай дами беру үрдісі байқалады.

«... Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар,
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді,
Тыңдағанда көңілдің өсері бар...»

Абай Құанабайұлы бағасын осылай асырған қазақ әнінің асқақтығы мен күйлерінен шертілген шежірені танып-білу – әр қазақтың ұлт алдындығы жауапкершілігі. Ал оны кең көлемді насихаттау - бұлжымас міндеті. Осы мақсатты орындау үшін «Шалқар» ұлттық арнасы тыңдарманға көптеген музыкалық-танымдық бағдарламалар ұсынып келеді.

«Шалқар» радиосы – радио қызметінің ақпараттар арнасы ғана емес, өнер өрісі болуы үшін қызмет етіп отырған арна. «Шалқар» – тек қана қазақ тілінде хабар тарататын форматты радио. Қазіргі кезде ұлтжанды ұжымның қызмет етуімен хабар беруде. Таңғы сағат 6-да жұмысын Қазақстан Республикасының Әнұранымен бастайтын арна күнделікті өз тыңдармандарына «Қайырлы таң» тілеп, шағын концерт береді. Сонан соң «Таңшолпан» атты таңертеңгілік көңілашар бағдарламасы өз жұмысын бастайды. Ол екі сағат бойы беріліп, көптеген мәселелер айтылып, әсем әуендермен өрнектеледі. «Атадан қалған асыл сөз», «Ұлылар өміріндегі арулар», «Біздің күнтізбе», «Жерұйық», «Қазақы түс жору», «Атакем айтады», «Шипа», «Қазақ кәделері», «Қазақ хандары мен билері», «Әйелдерге кеңес» сияқты толып жатқан хабарлар тақырыптары меңзеп тұрғандай, бес минуттың ішінде тыңдарманға қаншама мағлұмат береді. Ал, «Ашық әңгіме» айдарымен берілетін хабарда қоғамның білім беру, денсаулық, спорт, өнер, мәдениет, әлеуметтік мәселе сияқты салалары туралы сөз болады. Ұлттық музыка да, ән де «Халық композиторларының ән-күйлері», «Саз сикыр», «Домбыра сазы», «Ән – әуен», «Халық музыкасы», «Ән – домбыра», «Туған жер әуендері», «Жас орындаушылар», «Ән – бесік», «Ақындар өлеңдеріне жазылған әндер», «Өткен жылдар әндері», «Алтын қор», «Қазақ эстрадасы» т.б. айдарлармен насихатталып отырады. Тек ресейлік, европалық әуендерді ғана пір тұтып, ұлттық музыканы мойындамайтын бағыт белең алып бара жатқан алмағайып кезеңде жастарға мұндай тәсілмен ұлттық мұраны ұсыну – қуанарлық жай. «Шалқар» сияқты бірнеше арна жұмыс істейтін болса, ұлттық мүдде әрқашан жоғары тұратын болса, тыңдармандар сұранысының ең жоғары

«Өнер айдыны» хабарының мақсаты - еліміздің түпкір-түпкіріндегі өнер ұжымдарын халыққа насихаттау. Қазақ халқында ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан халық әуенінің сұлулығын, тереңдігін, шынайылығын, халық сазгерлерінің жүрек тебіренер әсем әуендерін тыңдаушылардың жүректеріне жол тауып келе жатқан елімізде көптеген өнер ұжымдары бар. Соларды дәріптеу, ұлықтау барысында жас журналист Жанғазиева Алтынай Баратқызы тыңдарман қауымға қаламыздағы біраз оркестр, ансамбль ұжымдарын танытып келді. Еліміздің әр өңіріндегі өнер ұжымдарын халық бірін білсе, бірін біле бермейді. Міне, бұл хабарда ұлттық өнеріміздің қаймағын бұзбай сақтап келген талай-талай өнер ұжымдары халыққа кеңінен танытатып келеді. Ұлы композитор, дирижер Ахмет Жұбанов, Нұрғиса Тілендиев бастап кеткен жолы туралы хабарлардың жастарға берері мол. Қазір эстрада жанры басымырақ сұранысқа ие болғандықтан, дәстүрлі өнеріміз тысқары қалып бара жатыр. «Жаһандану дәуірінде қазақтың ұлттық бай қазынасы жұтылып кетпеуі керек», - дейді мамандар. Батысқа, шығысқа еліктемей ұлттық өнеріміздің мәнін кетірмей, халық әндері мен

күйлерін дарынды композиторлардың шығармаларын оркестр, ансамбль ұжымдары бүгінге дейін өз қалпында орындап келеді. Осы ұлттық өнерімізді насихаттауда Шалқар» ұлттық арнасының атқарып отырған қызметі зор.

«Ағымнан жарылсам» – Мөлдір Жанбаеваның осы хабары арқылы өнер әлеміне өзгеше өрнек салған әнші-сазгерлермен, қаламы қарымды жазушылар мен от ауыз, орақ тілді ақындармен бүкпесіз сырласып, шынайы болмысына қанығамыз. Бұл хабарда бұрын-соңды көпшілік алдында айтылмаған сырларын аша отырып, еркін сұхбат жүргізуді мақсат етеді. «Әр адам - ашылмаған бір әлем» екендігін ескерген хабар авторлары танымал тұлғалардың айтылмаған ішкі сыры, ішкі толғанысы қарапайым тыңдарман үшін қызықты болатыны жіті түсінгенін әр хабарды тыңдаған саын көзімізді жеткіземіз.

Кез келген елдің ұлттық табиғаты мен болмыс-бітімін айқындайтын дүниесі - оның төлтума мәдениеті. Соның ішінде ән өнерінің алатын орны ерекше. Осы тұрғыдан алғанда «Сал домбыра» хабары «Шалқар» арнасындағы ұлттық музыканы насихаттайтын бірегей жоба болып отыр. Хабар барысында ұлтымыздың ән өнерінің тарихы, сан қырлы табиғаты туралы әңгіме қозғалады. Хабарға дәстүрлі әншілер қатысып, әншілік мектептердің тарихына тоқталады, оның халыққа жету жолы туралы кеңінен баяндайды.

Мәселен «Сал домбыра» хабарында бір ғана «Аңшының әнінде» халықымыздың бекзат болмысын паш ететін көптеген құндылықтар жасырынғанын, онда сері өнер саятшылықтың сипаты мен серілік құрған жастардың махаббатын, сезімін сыпайы түрде бейнеленгені туралы жан-жақты әңгімеледі. Өз кезегінде хабарды жүргізуші көптеген ән мәтіндеріндегі байырғы сөздердің мәні, этимологиясы, онда қамтылған дәстүрлік ұстанымдар мен бүгінгі буын дұрыс түсініп қабылдай алмай жатқан тұстарын да жанды мысалдар арқылы ашып көрсетті. Жастарды мән-мазмұны, мәтіні, әуендік құрылымы өзгерген бүгінгі эстрада немесе шетелдік әндерді емес, төл әндерімізді тыңдап, түсініп, зерделеп өсуге шақырды. Расында қазақ әнінің қадір-қасиетін өзімізбен қатар шетелдік зертеушілер де жоғары бағалаған. Академик В.В.Радлов: «Өз әндерінде қазақтар ертегіде айтылатын қайдағы бір ғайыптан пайда болатын қорқынышты дүниені дәріптемейді. Қайта ол өз өмірін, өз сезімдері мен мұраттарын, қоғамның әрбір жеке мүшесі жүрегінде жүрген идеяларды әнге қосады. Тыңдаушылары жаратылыстан тысқары қайдағы бір кереметтерден емес, нақты шындықтан ләззат алады»[1,25-б],-деп пайымдайды. Ал А.Е.Алекторов «Қазақ әні» атты мақаласында ән тыңдағын сәтін әсерлене жазады: «... Әнші тері тулақтың үстінде жайғасып, домбыраның ішегін қаға бастады... Мына сияқты қарапайым әнге, қарапайым музыкаға қаншама поэзия сиып жатыр. Қолдан істеген екі ішекті домбырада мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен ешуақытта сенбеген болар едім. Егерде мына қарапайым жаныңа тиетін әнді өз құлағыммен есітпеген болсам мен оның ызындаған жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім»[2,151-б],-дейді.

Шалқар» ұлттық арнасында насихатталып жүрген хабарларда тыңдаған жастар қазақтың ән мен күй өнерінің қадір-қасиеті мен ұлттық бояуын бойға сіңіріп өседі және танымы терең, тағылымы бай болатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиет

1. Омашев Н.О. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2009.
2. Радлов В.В. Түркі тайпалары халық әдебиетінің үлгілері. – Алматы: 2010.
3. Алекторов А.Е. Историю Оренбургской губернии. – Алматы: 2001.

«ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сейітжан Арайлым

esil_erkesi@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті